ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
(қысқаша шешім)

2024 жылғы 21 қараша №7119-24-00-2/14889 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Ж.Ж.Нұрғалиева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Материалдық-техникалық қамтамасыз ету Басқармасының Автошаруашылығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Заупан» атынан Заупан Бағдар

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану
2. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 267-1 - 267-4 басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап коюшы «Материалдық-техникалық қамтамасыз ету Басқармасының Автошаруашылығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер жеке кәсіпкер «Заупан» атынан Заупан Бағдарды мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы қойған талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Заупан» атынан Заупан Бағдар мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Заупан» атынан Заупан Бағдардан «Материалдық-техникалық қамтамасыз ету Басқармасының Автошаруашылығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының пайдасына 1 904 (бір мың тоғыз жүз төрт) теңге мөлшерінде

Құжатқа қол қойылған: Нұрғалиева Ж. Д., 21.11.2024
Заңды күшіне енген күні: 31.12.2024, судья Нұрғалиева Ж. Д., 31.12.2024
7119-24-3-1/14260

тұрақсыздық айыбы және 58 (елу сегіз) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жеке кәсіпкер «Заупан» атынан Заупан Бағдардан мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге - осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья **Ж.Ж.Нұрғалиева**

Құжатқа қол қойылған: Нұрғалиева Ж. Д., 21.11.2024

Заңды күшіне енген күні: 31.12.2024, судья Нұрғалиева Ж. Д., 31.12.2024